



«БЕКІТЕМІН»
«Ленин ЖОББМ» КММ
директоры

Баймышев Р.А.

«Балдәурен» шағын орталығының мектепке дейінгі тәрбиенен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған кеңес беру орталығының 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары

№	Өткізілетін шаралар	Өткізу формасы	Өткізу уақыты	Жауаптылар
1	Кеңес беру орталығының жұмыс жоспарымен таныстыру. Балалар туралы жалпы мәліметтер. «Балаға балабақша не үшін қажет?»	Түсіндірме жұмыс Жадынама	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	Ата-аналар үшін шағын орталықтың жағымды бейнесін қалыптастыру. Достық қарым-қатынас орнату.	«Балдәурен» шағын орталығының презентациясы	Қазан	Тәрбиешілер
3	«Балалардың балабақшаға бейімделуі»	Кеңес беру	Қараша	Тәрбиешілер
4	«Сіз өз балаңызды білесіз бе?»	Әңгімелесу	Желтоқсан	Психолог
5	«Бала өміріндегі күн тәртібі»	Кеңес беру	Қаңтар	Медбике
6	«Балалардың қорқыныштары»	Кеңес беру	Ақпан	Тәрбиешілер
7	Ата-аналардың өтініші бойынша		Ақпан	Тәрбиешілер
8	«Балаңыздың мінезі өзіңізге байланысты»	Кеңес беру	Наурыз	Тәрбиешілер
9	«Жаз мезгіліндегі белсенді демалыс және қауіпсіздік» «Сен менің досымсың, ал мен сенің досыңмын» (Егер балаға достасу қиын болса)	Тренинг	Сәуір	Психолог
10	Кеңес беру орталығының 2023-2024 оқу жылы бойынша жұмысын қорытындылау		Мамыр	Тәрбиешілер

**КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ/ГРАФИК РАБОТЫ
КОНСУЛЬТАЦИОННОГО ПУНКТА**

Апта күндері/День недели	Жұмыс уақыты/Время работы
Әр айдың сәрсенбісі/Среда каждого месяца	15.00-16.00

Отбасы жағдайында тәрбиеленіп жатқан балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) және балаларға арналған консультациялық пункт туралы ереже

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже «Балдәурен» шағын орталығы жұмыс істейтін Консультациялық пункттің қызметін реттейді.

1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3. Консультациялық пункт отбасына мектепке дейінгі жас шамасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

1.4. Консультациялық пункт балабақшаның тәрбиеленушілері болып табылмайтын 2 айдан бастап 5 жасқа дейінгі жас шамасындағы балаларға және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) құрылады.

2. Консультациялық пункттің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Консультациялық пункт отбасылық және қоғамдық тәрбиелеудің біртұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру мекемесіне қатыспайтын балалардың тұлғалық жан жақты дамуына қолдау көрсету мақсатында құрылады.

2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

*балабақшаға қатыспайтын балаларды дамытуға жағдайларды қамтамасыз етуде ата-аналарға (заңды өкілдерге) жан жақты көмек көрсету;

*мектепке дейінгі жас шамасындағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамытудың әртүрлі мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультациялық көмек көрсету;

*МДҰ қатыспайтын мектепке дейінгі жас шамасындағы балаларды әлеуметтендіруде жәрдем көрсету;

*МДҰ қатыспайтын мектепке дейінгі жас шамасындағы балалардың тәни, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқуларының профилактикасын жүргізу болып табылады.

3. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

3.1. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру және жалпы басшылық білім беру ұйымының басшысына жүктеледі.

3.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйымның басшысының бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

3.3. Басшы Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастырады, соның ішінде: ата-аналарға (заңды өкілдеріне) арналған дәрістер, теориялық және практикалық консультациялар, ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұрауы бойынша жеке және топпен консультациялар ұйымдастыру.

- Консультациялық пункт ұсынатын қызметтерге үйдегі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін отбасыларының сұранысын зерделеу;

- Отбасының сұраныстарының негізінде әзірленетін және мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік кеңесімен келісілетін Консультациялық пункттің жылдық жұмыс жоспарын бекіту, оның орындалуын бақылау;

- Консультациялық пункт мамандарының функционалдық міндеттерін айқындау;

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мектепке дейінгі ұйымдағы Консультациялық пункттің жұмысы туралы халықты қосымша ақпараттандыруды қамтамасыз ету.

3.4. Консультациялық пункт мынадай мәселелер бойынша ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультациялық көмекті жүзеге асыра алады:

- *МДҰ қатыспайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру;
 - *балалардың жас шамасына қарай, психофизикалық ерекшеліктері;
 - *мектепке оқуға дайындығы;
 - * МДҰ қатыспайтын мектепке дейінгі жас шамасындағы балалардың тәни, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқуларының профилактикасы;
 - *білім беру бағдарламаларын таңдау;
 - *ойын қызметін ұйымдастыру, лекотека жұмысы;
 - *балалардың тамақтандыруын ұйымдастыру;
 - *үйде балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасау;
 - *отбасының әртүрлі санатарынан балаларды әлеуметтік қорғау.
- 3.5.** Отбасына көмек көрсету мақсатында Консультациялық пункт мамандары әңгімелесу, диагностикалық зерттеу жүргізу, балаларды бақылауды ұйымдастыру және т.б. нысанда қосымша ақпарат алу бойынша жұмыстарды жүргізе алады.
- 3.6.** Консультациялық пунктте ата-аналармен (заңды өкілдерімен) жұмыс әртүрлі нысандарда жүргізіледі: топтық, жеке.
- 3.7.** Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру мынадай мамандардың интеграциясының негізінде қалыптасады: тәрбиеші, педагог психолог, логопед мұғалім, медицина қызметкері және басқа да мамандар.
- 3.8.** Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультация беруді бір мезгілде бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.
- 3.9.** Консультациялық пункттің қызметін бекіту үшін мынадай құжаттаманы жүргізу қажет:
- МДҰ-да Консультациялық пункт туралы ереже;
 - үй жағдайында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың және олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) Консультациялық пунктке қатыс журналы;
 - Консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
 - Консультациялық пункттің жұмыс графигі;
 - Консультациялық пункттің бір жылы жұмысының талдауы;
 - МДҰ мен балалардың ата-аналары (заңды өкілдерінің) арасындағы келісім;
 - мектепке дейінгі ұйымға қатыспайтын КП балаларының тізімі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Консультациялық пункттің мамандары:

- * ата-аналар арасында педагогикалық білімін белсенді түрде қолдануға;
- *отбасына балаларды тәрбиелеуде практикалық көмекті жүзеге асыруға;
- * ата-аналарды КП қызметіне тартуға міндетті;

4.2. Ата-аналар міндетті:

- *консультациялық пункттің жұмыс режимін сақтауға;
- *КП мамандарының ұсыныстарын орындауға міндетті.

4.3. КП мамандарының:

- * тұлғалық - бағдарланған тәсілдердің негізінде балалармен сабақ бағдарламасын әзірлеуге;
- *жұмыста қажетті әдістемелік әдебиет пен құралдарды пайдалануға;
- *КП жұмыс жоспарын құруға;
- *ата-аналарды балалармен жұмыста белсенді қатысуға тартуға;
- *балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істеу үшін бағдарламаны және әдістемелік құралды таңдауға құқығы бар.

4.4. Ата-аналардың:

- *КП жұмысына қатысуға;
- *МДҰ базасындағы Консультациялық пунктке келуге;
- *баланы тәрбиелеу мен білім беруде қажетті көмек алуға;
- *ұсыныстар беруге, КП жұмысы бойынша ұсынымдармен сөз сөйлеуге құқығы бар.